

ЖІГІТТІҢ БІР ЖҰРТЫ
Шортанбай Жанұзақұлына!

Аудан орталығына тау баурайлап батысқа созылған үлкен жолдан бұлар мінген жеңіл газик қиыс бұрылып Раң өзенінің алқымына түскенде Үпілмәліктің жанарына кіреукелеп жас үйірілді. Қасындағы шофер балаға байқатпайын дегендей иегін әнтек көтеріп алдындағы әйнектен жал-жал болып көлденең кесіліп жатқан Қаратау бұлымдарына сұғына көз тікті. Қараған сайын балалық шағын анығырақ елестетті: ол кезде қараборбай, қарға ауыз сәби еді, әкесі соғыста, жалғыздікті шешеге үйелмелі-сүйелмелі төрт баланы асырау қиынға соқты: содан анасы Үпілмәлікті теріскейдегі төркініне әкеліп тастаған. Он үш жасқа шейін нағашының қолында өсті. Ойлап отырса балалықтың қан базары осында қалыпты, жалаң аяғына батқан жарпа тастары анау, шабағын аулаған мөлдір өзен мынау: суы тартылып кеткен секілді. Өзгесі түк өзгермепті, шатқал аузына үймелеген шағын ауыл, қазақы тоқал там, уақ мал қамайтын қора-қопсы, бау-шарбақ, сұйылып шыққан түтін иісі де бәз баяғы.

Қияндағы Қаратау қуысын жайлаған нағашы ауылына себеппен келем деген қаперінде жоқ тұғын.

Оқиға Үпілмәліктің ойда жоқта қызметтен босауынан басталған. Жұмыстан шығуы да қызық. Аз айт, көп айт басына іс түсіріп, ат басын елге бұрғызған осы ауылдың дәм-тұзы ма деп те ойлайды. Қаладағы тіл білімі институтының аға ғылыми қызметкері еді. Ғылым кандидаты деген атағы бар, енді қырсығынан сақтап, жетекші дін аман тұрса, тақырыбы күшін жоймаса — бірер жылда ғылым докторы боламын деп жүрген. Үпілмәліктің қабілетіне ешкім күмән келтірмейтін. Тек қана “жұмыстан шығу” деген пәле төбесінен тас түскендей жайсыз әсер етті. Алғашында ет қызумен арызын бере салыпты, кейін ойласа соның бәрі тезек тіршіліктің тезек қаптағандай ғана әуресі секілді. Әйтпесе “Ботакөз, Малкелді” деген есім сөздердің қалай жазылуына бола бөлім бастығымен айтысар ма? Ғылыми кеңесте сөздердің мағыналық бөлшектерінің жеке тұрғандағы қалпын сақтап жазу керек, яғни морфологиялық тәсілді ұстанған жөн деп бұл өзеуреген: қарсыласы — сөздерді айтылуы бойынша, яғни фонетикалық тәсілмен жазамыз деп даурықты. “Қызмет” деген сөздегі “з” әрпінен кейін “ы” әрпі жазылуы керек пе, жоқ па, ол да ушыққан жараға у сепкендей әсер етті. Үпілмәліктің “қазақ тілінде диалектизм жоқ” деген баяғыдан бергі тұжырымы да бүкіл бір бөлімнің шұқынып отырған зерттеуіне топырақ шашқандай шәркез шаруа екен. Аз айт, көп айт, әйтеуір Үпілмәлік институттан кетіп тынды. Әуелде жолдас-жорасы “өмірде мұндай-мұндай болады, демінді ал, сейілде, сендей талантты ғалымды жоғарғы оқу орнының қайсысы да құшақ жайып қабылдайды” деп жұбатқан.

Сөйтсе кісіге қызмет істеп жүргендей болмайды екен. Әп-сәтте ортадан шеткерілеп қалды. Кей кісілер пәпкі арқалап, жақсылы-жаманды бір столды бағып отырмаған адамды санаттан демде шығарып тастайды. Көшеге шығып қараса — бұрынғы сәлемі жатық таныстары қол алыса салып: “жұмыс көп, жұмыс көп” деп сырт айналып кеткенше асығады. Ең қиыны — өзінді-өзің керексіз сезіну білем. Қой, ә, шікірею менің немді алған деп, педагогикалық институттың басшыларына барып жолыққан. Күзге салым бірер бос орынға конкурс жариялаймыз, қатысыңыз деп емексітіп шығарып салды. Үйінде балалармен шақылдасып отырудан да жалығады екен. Бұрын қас-қабағына қарап бөйек боп тұратын келіншегі де қит етсе шырт ете қалатын мінез тапты. Үй тіршілігіне қолғабыс етейін деп қойқандаса-ақ “қазан бағып аңдыспашы” деп бетін қайтарып тастайтын болды.

Өстіп мондыбас болып жүргенде алыстағы нағашысынан хат келді. “Кейінгі кезде сырқатпын, — депті, кішкентайынан қолда өскен жиенін сағынғанын айтыпты. Үпілмәлік қадірлі кісінің көңілін сұрармын, әрі сергіп қайтармын деп ертесіне-ақ поезға мініп тартып кеткен.

Нағашысы теріскей еліне есімі белгілі, “кімсің — шабандоз Сазанбай” аталған зилы кісі еді. Шындығында өліарадан бері ас батыра алмай, жілік майы үзіліп жарға сүйеніп қалыпты: төсек тартын жатпаса да жүдеулі десті. Бұл келіп кіргенде қоржын тамның жарығы мол белмесінде шоқша сақалы селтиіп ұстынға сүйеніп қамшы өріп отыр екен. Ойда жоқта ауданнан кіреге алған жеңіл газикпен кеп түскен жиенін көріп жүрегі жарыла қуанды. Лезде түгі бетіне теуіп қодиланып шыға келді. Әуелі зіңгіттей Үпілмәлікті бауырына басып: “аһ, арыстаным, жолбарысым, қасқырым, арланым, қарсағым, бұркітім, тұйғыным, торғайым!..” — деп тап осыдан отыз жыл бұрынғы әдетін қайталап айналып-толғанып алды. Алып кісінің құшағы Үпілмәліктің өспірім шағын еске түсіріп еріксіз көңілін босатты. Заматта бала болып шыға келді. Сазанбай нағашыда бұғып сөйлеу болмайды. Орнынан сауылдай қозғалып ауым- сауым киімін түзеп, қолына балдағын алды.

— Бұл үйдің адамы қайда кеткен?! — деп айқайлап үйді басына көтерді.

“Үйбай-ау, біреу буындырып жатыр ма сені”, — деп әйелі Тойбала жеткен. Үпілмәлікті көріп жастық шағы есіне түсті ме, әлде күнгедей қайынсіңлісін сағынғаны ма дауыс салып жіберді. Түйір-түйір жылап көрісіп амандасты. Осы мезет есік сарт ашылып нағашының жалғыз ұлы Әмзе кірген. “Сабақ беріп тұрып үшкілдің терезесінен көрдім, ұжым директоры ғой десем...” — деп арсалаңдап қол алысқан. Даңғарадай аңырайып тұрған кеспірсіз үйдің іші лезде жадырап жүре берді. Төрге көрпеше төселіп, жастық тасталды.

— Қой дейім, енді! Жол соғып келген жолаушыны жұлмаламандар!.. Ай, ерім, батырым, серім, салым, сыпам, сәуегейім!.. Нағашысын іздеп келген жұрағатым! Әмзе, малға жүгір. Қошқар баққанға айт, жиен келді де,

қойының ең семізін берсін!.. Орнына қозы қосамын кейін!.. Кешке келіп қобыз тартып берсін өзі.

Қоқиланып қонышына насыбай шақшасын қақты. Үпілмәлік босаға жанында тұрған қол чемоданын алып, ішінен астананың жеміс-жидегін төккен. Сазанбай нағашы: “пайғамбардың асы ғой”, — деп сірнесі қатқан құрмадан алып жеді. “Тісімді сырқыратады”, — деп апортқа қол созған жоқ. Үй-ішінің амандығын сұрады. “Шөпиіп азын кетіпсің ғой”, — деп ошақ басынан нағашы апасы да қыстырылып қояды. Жанарында мейімдеген жылылық.

- Азбай қайтеді? — дейді нағашысы. — Қайта жаны тастан жаратылған. Мен болсам бір күнде қау болып ұшып кетер едім. Шөп көжесінен іштүйнек боп өліп қала жаздағам баяғыда. Протезімді ондатуға барайын. Соғыста үйренген азғана орышам балдырлауға жарайды әйтеуір. Қисалаңдап қайдақаңғиын: қонақ үйінен шықсам — көк базар, көк базардан шықсам - қонақ үйі. Көк базардың түбіндегі шай жанымды ап қалып жүрді. Сөйтіп апта жүріп жасатып әкелген протезім көкпардың додасына бір салғанда-ақ пода-подасы шықты. Досмағамбет қаңылтырмен құрсаулап берді. Шығашық ақша екен менікі.

— Көкпар, ат дегенде ішкен асынды жерге қоясың, құдай деп тыныш қана жататын кезің жеткен жоқ па, — дейді Тойбала.

— Есектілерге қосып сүйегімді қорлама. Көз жұмғанша ат ұстағаным ұстаған.

Осы мезет сырттан ноғай телпекті кемиек шал келіп кірді. Қазақы бөрік, қырғыз қалпақты көргені бар, ал жиегіне қызыл кемер жүргізген ноғай телпекті бірінші көруі.

— Досмағамбет деген дәуің осы, — дейді нағашысы. — Баяғы “Кұдайсыздар ұйымының” жетекшісі болған, бүгін қолынан тәспісі түспейтін молда.

— Түтінің қою шыққанға тамағым қышып келсем, таба нан көміп жатырсындар ғой, - дейді қынжылып. — Жиенің келіп көз айым болдың ба? Қодиланып отырғаныңа танданам.

— Уа, астананы тіреп тұрған жиенім келіп жатқанда қамырыққаным келіспес!

Досмағамбет тамағын лық еткізіп Үпілмәлікке сығырайды.

— Кім боп істейсің, жиен?

— Әзір боспын. Жалпы, ғылыммен айналысамыз.

— Өзенді теріс қарай ағызатын ілім бе, әлде көз байлайтын ілім бе?

— Ақсақал, мистикамен айналыспаймыз. Осы сөйлеп отырған тіліміздің төркінін зерттейміз, оқулық жазамыз.

— Нағашыңның ойқы-шойқы сөзін кітаптан оқиды екенбіз онда, — деп кемиек шал кеңк-кеңк күлді.

Кемиектің тілінің бізі бар екен. Аңдаусыз сөйлеп жатып-атарға түскен палуандай тырапай аса жаздады. Дастарқан жайылып кәрлен кесемен қою айран жағалады. Ыстық табадан жаңа шыққан нанмен ішкен айран өңешке

майдай жұқты. Нағашысы шоқша сақалын саумалап, сол дыбысқа елеңдеп дегбірсіздене түскен.

Өйтетін де жөні бар. Бұл елде қонақ, түскен үйге ешқандай шақырусыз, айтусыз ауылдастардың үймелеп жинала кететін салты бар. Үй иесі де, қонақ та қабақ шытып тарылмайды. Көр де тұр: бұл үй кешкілік бақсының баспанасына барабар болар. Әншейінде мойнын ішіне тығып алып тоң-торыс үндемей жүретін қарапайым шаруа шетінен шешен, тақпақ, айтқышқа айналар; қонақтың көңілін аулар, ертесіне кезектесіп үйлеріне шақырар. Ал бұл болса әлі әзірлікті бастаған жоқ, шалапқа ауыз былғап, таба нанға малжаңдап малданып отыр.

Сырттан ат дүбірі естіліп, артынша Әмзе кіріп келді. “Қошқар баққан қорасындағы деңгенесін берді, көке”, — дейді. “Іші пысып сүйкелерге желеу таппай отыр екен, жиеннің келу құрметіне көкпар тартайық деп жата жармасты. Ақсүмбенің ішінде тоғы бар деп әзер құтылдым. Шабдар аласын лоқылдатып әні-міні өзі де кеп қалады”.

Мына сөзден нағашысы шатынап шыға келді.

— Қызталақ қалай-қалай басынады. Бір көкпар беруге шамасы келмейтін мондыбас дей ме, әлде ертең көше жөнелетін долы ма екем?! Рас, калтамның түбі тесік, қорамның қақпасы ашық. Мал тұрмайды менде. Несібем ел мойнында. Күнгей мен теріскейдің қылқұйрығын сендей тоғыстырып кететін Ақсүмбені соның жаман шобырына қор қылсам-ау, онан қара!

— Апырмай, қарап отырып ісіп-кеппей қойсаңшы енді, атынды кім жамандапты, — дейді Тойбала.

Нағашының намысы — ұстап отырған жүйрік атында. Жүйріксіз жыны тарқаған бақсы да бір, бұл да бір. Барша өмірі ат баптауға бағышталып келеді. Үйге келген кісі: “атыңыз бабында екен”, — деп бірер жылы сөз айтса-ақ соның домалап жастығы, жайылып төсегі болады. Түнді күнге ұрып тұлпар тұқымы туралы қисса айтуға бар. Ал атының мінін айтса-ақ, ол адамға күн жоқ: дастарқанын жинап, есектілерге қосып, жер-жебіріне жетіп айдап шығады. Сазанбайдың бұл сырына теріскей елі түгел қанық.

— Ақсүмбе ана жылғы Аққоянның баласы ма? — деді Үпілмәлік нағашының ауанына жығылып.

— Аққоян теріскейдің аламан бәйгісін алған салымның перісі еді ғой. Өкпесінің көрігі болатын. Одан жалғыз тұяқ — Күреңқасқа қалған. Кешегі жылқыға қырын қабақ кезде Күреңқасқаны қойға мініп, қанын қойылтып жіберген. Жарытып шаба алмады. Жақсының тұяғы ғой деп орнына сүтті сиырымды беріп, жыл жарым арпаға байлап, үйірге салып, тұқым алғанмын әйтеуір. Аққоянның немересі десең келеді. Әмзе-әй, қойды жәукемде де жылқышы ауылға барып қымыз әкел. Жиеннің ішкі сарайында ыстық бар-ау, айранға теткіп отыр. Ауылдың оразада ішін кебек тескен шалдарына қарайлама, шақырусыз өздері-ақ жетеді.

— Сен Сазанбай, елуден астың, жігіт ағасы болдың, неге ауыз бекітпедің осы? Білғи қисығына қықыраясың, ылғи кітап сөзіне шүбә келтіресің, бұл болмайды, өле кетсең иман-сауапсыз қаласың, — дейді кемиек қатты түтігіп.

- Оқытпа мені, құдайға құлшылық етіп сауап сұрайтын еш күнәм жоқ, тазамын, ақпын! Бригадир болып жүргеніңде аузыңнан ақ ит кіріп, көк ит шығушы еді: ораза ұстасаң — сол күнәңды жуып жүрсің де!
- Күпір сөйлеп, көкіме өйдеп!
- Өтірік айтпаймын, ұрлық, істемеймін, кісі ақысын жемеймін, жерде жатқан нанды көтеріп алам — оразам сол менің.
- Апырмай, жиен баладан ұят болды-ау, - деп Тойбала кірісті. — Бүгін сендерге я бәле көрінген, я сол жамбаспен тұрғансыңдар. Пәтуалы сөз айтудың орнына күмпілдейсіндер кеп, кеп.
- Күпір сөйлейтін кісімен табақтас бола алмаймын, — деп кемиек тәспісін жиып өкпелеп кетуге айналды.
- Молдеке, ауыр айтсам көңіліңе алма, бәрін қайтып алдым. Сізге сауалым бар еді, — деп жата-жармасады нағашысы. - Сала құлаш тәспі алып жүру шабандозға қиын көрінді, саусағымның басын санай берсем болғаны емес пе, жаратқан не қабыл қыла ма сонымды?
- Бейшең ауызбен салғыласпаймын, — деп кемиек шапанын киіп кетуге айналады.

Үпілмәлік күлкіге булығып сыртқа ата жонелген. Аула түкпірінде үлкен қара ағаш көлеңкесінде Әмзе бүкшеңдеп қой сойып жатыр екен. Қасына келген мұны байқап жанары толып, жымың-жымың етті. Қуанып жүр. “Жаңа байқадым, қысаңның қабағында кекілік қаптай ұшады. Бытыралы қос ауызбен ертең ертемен кекілік қағып қайтамыз”, — дейді. Шындығында бұл кезде кекіліктің балапан өргізіп семіріп шайлаған шағы. Әсіресе суға қанып қайта өрген кезде кезенсең қанжығаң құр қайтпайды. Кекілік қағу Үпілмәліктің жастайынан қанына сіңген құмар ойыны, еті жеңсік асы. Үпілмәлік ел орынға отырып, жұрт аяғы жиналғанша жаяулап өзенді өрлеп сейіл құрып қайтуды ойлады.

Ақсүмбені үй артына қаңтарып қойыпты. Сауырынан төңкерілген, қолдауы биік сұлу жылқы екен. Бейтаныс адамға құлағын қайшылап, бойын тіктеді. Әйтсе де мойнын бұрып қараған жоқ: сүйегі асыл сыпайылықтың белгісі. Ауыл тау аңғарынан шыққан Раң өзенінің бойына орналасқан. Бір кезде ығы-жығы болып жататын үлкен ұжымның орталығы еді, бұл күнде “Қызылбайрақ” ұжымның бір бөлімшесі ғана. Ауылдағы ең лауазымды адам — ферма меңгерушісі мен веттехник: өңгесі аңызға шыққан көдірендей қарапайым шаруа адамы, малшы-құсшы қауым. Уаттың оты тықырланып қалыпты. Екі ай тау қойнауын жайлаған қойшылар тақауда ғана ылдиға, Шу бойына көшкені төскейдегі шұбырынды ізден байқалады. Жол жиегіндегі зиратты мал кірмесін деп сым темірмен қоршап тастапты. Өзеннің ақтандақ болып қалған кемері, иіні, жарқабағы, қойнау-қатпары көктемгі тасқынның қатты болғанын байқатады. Баяғыда бұл маңай жорғалаған кекілікке, жусан түстес бұлдырыққа, алаң көз шәуліге, күңкілдеген кептерге жыртылып айрылушы еді. Күні бойы күнге қақталып, су сорып майшабақ аулайтын. Нағашының табаға басқан шабағын жеп қылтанақтап қалғаны есінде. Раңның

алқымына бойлап енген сайын су сарыны күшейіп, қысақ тарыла түсті: қия беткейде ұшқат, арша, долана ағаштары өсіпті. Ауылдың тіс шұқып, сырнай шалуға әуес шалдары мен балаларынан қалай аман қалғаны таңқаларлық әрине. Қысаң іші лезде қарауытып ауа салқындай түсті. Сақылдап ағып жатқан өзен суынан қос уыстап ұрттап ішіп кері бұрылған. Алдынан іздеп шыққан Әмзе ұшырасты.

Үйге кіргенде назарын аударған төрдегі қара қобызды қылғындыра ұстаған жасамыс жігіт еді. Өңгесі осы ауылдың ақсақал, қарасақал сыпайылары. Жабыла сәлемдесіп амандық сұрасып, қауқылдасып орталарынан орын ашты.

Көне шанақты құйқылжытып тартқалы отырған Қошқар баққан екен. Жігіттің шын аты Нанжауар болған. Жеңгелері: “нансыз күніміз жоқ, атамай отыра алмаймыз”, — деп бір күнде пәтуаласып есімін өзгертіп жіберіпті. Шынымен кешегі ұжымның асыл тұқымды қошқарын бағыпты. Бүгінде жалақысы тәуір, жұмысы жеңіл өзен бойының жоңышқасын қориды екен. Бұл орынның өзін тамағы тесік меңгерушіге қой беріп алып деген қауесет бар. Төр алдындағы ұстынға арқасын сүйеп жиынның мәтібиі секілденіп аспандап отыр.

Үпілмәлік сол етектегі атлас көрпешенің үстіне құйрық басты. Нағашысы осы мезетті күткендей: “Ал, қарақ, қобызды сөйлет”, — деп қолқа салған. Қошқар баққан сыртынан ғана семіз екен, жөнсіз тәштимеді. Қыл таяғын сағақтағы шайырға жанып алып екі бүктетіліп бүлкілдете жөнелді. Үпілмәліктің құлағы теледидардың эстрадасына үйреніп қалған екен, қобыз дыбысы әуелгіде миына дарып, құлағына сіңбеді. “Угэй-ай, угэй-ай, ей-и-и”, безілдеген монтаны үн мақамнан мақамға ауысып сезім түйсігін баурап барады.

Апырмай, дейді ішінен Үпілмәлік, жағы сопиған қарасұр пісенде жігіттің ішіне мұншалық өнер қалай сиып жүр? Жүректегі жанды оятқан әуез ғой кембағалдың жынын қуып, есін түзепті, осы үнмен жылан арбап, жылаған баланы жұбатыпты. Бейне нарын турағандай іш босап, көңіл құлазыған безілдек күйді көп бипыңдатты. Отырғандар толқи бастады. — Бұл күй маған мүлдем бейтаныс, — деді Үпілмәлік терін сұрткен жігітке еңсеріліп.

Таспен бастырғандай тұқшиып отырған қобызшы еңсесін жазғанда байқады, жанары жанып, аруақтанып кетіпті.

— Ана жылы елге келген тәтемнен үйреніп едім. “Шер тарқату” күйі осы, - деді ыңырсыған бәсең үнмен.

“Тәтем” деп отырғаны бал бармақты әйгілі қобызшы Жаппас Қаламбаев. Бұл жалғаннан өнерпаздың өзі өтсе де торғайдай шырлап көңіл шері қалыпты.

Қобыздың үні семсе де әсері бойдан біразға дейін тарамалды. Бойды буып босатпады. Бір ауқымда үнін тілінің ұшына үйіріп отырған сыпайыларға қозғалыс енді. Нағашысы етекте қызмет жасап жүрген Әмзеге

атты отқа қой деп жарлық жасады. Нымша киген тобылғыдай солқылдаған жас келіншек қолға су құя бастады, дастарқан жайылды. Досмағамбет еңсесін жазып қолын шайды. Ішінен шіреп шыртылдап-ақ отыр екен.

— Қыл қобыз бақсының бақырығы, — деді кекетіп.

— Көн құлағымызды тірілткенге қуанайық, Досеке!

Құй сен, құй сенбе. Жиен, мені тыңда. Пайғамбардың көзі тірі уағында

Әжімәж деген сиқыры бар қобызшы болыпты. Әжімәж қобыз шалғанда жұрт шаруасын тастап, есі ауып соңынан ілесіп кетеді екен. Күндердің күні жұрт шаруа жасауды қойған. Әжімәждің соңынан еңіреп, елітіп, ілесе берген.

Дозақ отының қыл көпіріне бастап апаратын болған. Содан Иса пайғамбар пенделерін аяп Әжімәжді ұстап Қап тауының үңгіріне қамап кеткен дейді.

Әжімәж не замандар сол тауды ішінен үңгіп шығуға қалған көрінеді. Ораза ұстап, ауыз бекітетін кісі таусылған күні сыртқа тесіп шықпақшы. Содан дүм-дүниені күңіrentіп, қобызын шалып жұртты сонына ілестіреді.

Ғазауаттың қыл көпіріне бастап апарады.

— Дүниенің апаты көңілдің көзін ашқан няяті қобызда тұрған жоқ шығар. Ауыз бекітпеген мені мұқатып отырғаны, — дейді нағашысы.

— Кітап сөзі қымбат па, Қошқар баққанның қыңсылағы қымбат па? — деп Досмағамбет тымсырайсын.

— Асқа қарайық қанекей! — деп Әмзе жұртты үш жерге үйеме табақ етіп тартқан етке қаратты.

Қой басы бөлек табақпен тартылған.

— Құйрық асайтын кісі ортаға бөлінсін!

Нағашы аулында қашаннан “құйрық асау” атты салт бар. Ішіне шыр байлаған семіз құнан қой сойылады. Қой етін қазанға түгел салып, құйрықты бөлек асып дастарқанға әкеліп қояды. Аппақ қардай құйрықты ұзын-ұзын етіп білемдеп кесіп жеке тартады. Мұндайда май жегіш жігіт өзі тіленіп ортаға шығады. Күні бойы мал соңында жортақтап аш өзек болып үңірейіп келген малшыға оншалық жүк емес. Кей жігіт жұрттың сілекейін шұбыртып іштің жыланын басып жүре беретін. Ал ауыл арасының шаймен бір ішек болып қалған жұқалтаңдары әні-міні арандап қалады. Бекінген кісі білемделген құйрықты турамай, шайнамай жұтар болар. Түгел тауысса үй иесі және бір қой сояр, май асағыш жұта алмаса қойдың құнын төлер. Баяғыда жас кезінде осы Досмағамбет құйрық қылғытам деп майға түйіліп, қарулы жігіт желкесінен ұрып жанын алып қалған. Енді ғой көзі кіртііп май салған табаққа қарайтын емес.

Құйрық қылғытуға ешкім шыға қоймады. Астанадан келген Үпілмәліктен ұялып отыр ма, елде жұмырында жұқ бар ма, аппақ қардай болып түріліп жатқан майға ешкім жолайтын емес. Мұны білген нағашы шараны алдына тартып құйрықты кеселеп әр табаққа бөліп салып берді. Өзі үйеме етке қол созған жоқ. Жарты кеседей нарын турап жеді де төс қалтасынан арша алып, тісін шұқыды.

Үпілмәлік келгелі онша байқамапты, шындығында нағашысының алып денесінен ет таралып, шүкәйттай боп шөгіп қалыпты. Асқа да төбеті жоқ. Маналы бері ауыл шалдарын әзілмен қажап аруақтанып отырғаны кез ғана екен. Әйтпесе Қаратау қозғалса да қопандай қоймайтын мінезі ауыр серінің нағыз өзі еді. Жан шықса да сыр шықпасын дейтін осы нағашының сөзі. Кешегі қанқұйлы соғысқа қаймықпай да сыр бермеген. Апырмай, өзгелер соғысқа аттанса да, аман- есен оралса да ауыл-аймақ, үй ішімен шұрқырасып жылап көрісіп жатса Сазанбайдың дәті берік екен десетін жұрт. Кетіп бара жатып Қаратау жаққа түнеріп бір карайтын да: “Атымнан көз жазып қалмаңдар”, — деп табыстайды екен. Екі жылдан соң түтіні шұбалған аулына оралғанда да ең әуелі аузына түскені аты болыпты. Біраз жыл жылқы фермасын басқарған. Ақырында өңеші кең басқармамен шекісіп, “нәшәндік болмасам аштан өлмеспін”, — деп белсенділіктен біржолата қол үзген. Ұжымның тәбілшігі болды, қарауылы болды, бағбаны болды, әйтеуір бұйырған нәпақасын адал теріп жеп, ақ жүріп өткізіп келеді. Елуінші жылдардың басында әлімұлыққа жеткізем деп жүрген жалғыз шешесін жақсылар кеткен үлкен жолға аттандырып салды. Артынша аршаның бұтағындай солқылдап өскен екі бірдей қызын күйдіргі дерті жалмады. Сонда да Сазанбайдың гөй-гөйін ешкім естімепті. Аһ ұрып сызға жалаңаш бауырын төсеп жатып-жатып жер тіреп тұрып кетіпті. Ендігі алдындағы жалғыз қарасы — Әмзе. Бөлімшедегі төрт жылдық үшкілдің мұғалімі бөлек тұрса да айтқанын екі етпей “көке, көке” деп томпылдап қызметінен танбайды әйтеуір. Мұнысына да шүкіршілік. Көріп жүр, үлкен үйден енші алысымен жас келіннің етегіне оралып сен көр, мен көр жоғалатын пысықайлар табылады.

Нағашысын биік өскен зау дараққа теңесе, сол дарақтың өзегіне құрт түсіп дембе-дем кеміре бастаған ба қалай. Алып ағаш өлі де тіршіліктің тәтті демін қимай бүр жарып, жапырақ жайғысы келеді, болмайды, күллі денесімен шуылдай теңселеді содан. Лүпілдей соққан терең тамырда өмір үшін сұмдық күрес жүріп жатқанын Үпілмәлік еміс-еміс іштей сезген. Сезген заматта жан дүниесі құлазып қоя берген. Қалай болғаны? Теріскей елі тұлпар тұқымын ұстар, қобыз сазын тыңдар, күнара сылтау тауып ағайынның басын қосар жақсының жұрағатынан айрылмақшы ма сонда? Алыстан сағынып келгенде “арыстаным, айбарым!” деп жүрегі жарыла қуанар бас иесін жоғалтпақшы ма?

Ас соңынан жылқышы ауылдан алғызған қолбала қымыз жағалаған. Тамағынан өтпей қойды.

— Ауыр айтсам көтеріп, жеңіл айтсам күле тындап жүре беретін көнбіс, көнтерілі ағайыным, ел-жұртым! Еркелесем үстеріңе шолжаңдаппын. Көтердің, көндің. Ризамын. Жиенімнің жолына арнап серке көкпар

тартындар! — деді нағашысы еңсесін көтере түсіп. Осы сипаты қомданып ұшқалы отырған кәрі қыранды елестетті.

Көпшілік қауқылдасып құптап желпініп қалды. Олар да іштей бірдеңені сезетін, олар да әлденені күтулі секілді. Әсіресе Қошқар баққанның қуанышында шек жоқ. Көзінің оты жанып жымың-жымың етеді. Сырттан Ақсүмбенің қоңыраулатып кісінеген даусы жетті. Жұрт қонақасыға мелдектеп алғысын айтып көтеріле бастады.

Нағашысы ойлаған: аз күн дәмге көп күн барақат деп. Осы жасымда дүниенің қызығын емес, тіршіліктің қызығын көп көріппін. Жұрт тапқан-таянғанын үйіне тасып, қалтасына тықпыштаса, мен далаға шашыппын. Бәйге ат ұстадым, айтысқа түстім, күнге-теріскейдің шабандоз сұлуын аш белінен құштым: тарыққан, торыққан шағымды жақсыларым көрген емес. Жиенім іздеп келгенде байғызға ұқсап бұғынып қалмайын. Барымды шашып көкпар берейін, Ақсүмбенің тұяғының желін алайын. Неге екені беймәлім, көңілі құрғыр өрекігендей ме, қалай, жүрегім сылбыр соққандай ма, қалай, еңсем таспен бастырғандай ма, қалай, ішкі сарайда төгілмеген запыран бар ма, қалай, әйтеуір басқаша сезінем өзімді.

Үпілмәлік ойлаған: жалғыз сояу бұтақ етіп өсірмегеніңе шүкір тағдырым деп. Алыста аңсап жүретін, ілуде бір ат басын бұрып келгенде ағынан жарылып қарсы алар нағашы болғаныңа шүкір деп. Көңіл құлазып, іш босап жеткен кезде жастық шағымды елестетіп, сілкініп сергіткеніңе, шын мәрттігіңе разымын. Бір күннің беделінде жұнттай жұтынып, дабырайып қалғанымды түсінемін. Әйтпесе кеше кім едім, бүгін кімін? Сөзі ұзын ғұламамен кер ауыз боп айтыса-айтыса діңкем құрып, бейне ұшынған кісіше теткіп жүрер едім. Кең тынысты қарапайым жандар арасында ес жиып, еңсе жазармын бәлкім.

Ертең көкпар деген күні Үпілмәлік өзенді жаяу өрлеп қысаң қабағынан қос кекілік атып қайтты.

Нағашысы ертең көкпар деген күні суға түсіп, кірсіз киінді. Сақал, мұртын басқызды. Бозғыл жүзіне қызыл бояу жүгіріп, тырпыл-тырпыл тыным таппай аттың терін алып, суытып, құйрық-жалын сүзіп көп әлектенген. Бұрын да бабында, бағуда тұрған Ақсүмбені жалпуыштап, терін үгіп, жұнттай етіп күтуіне қарағанда нағашысы әлденеге бел буған секілді. Есік алдына шыққанда көрді: жылқы да қас-қабағына қараған сұлу келіншектей тым жұтынып билей басып, жанары ұшқындап, ойнап қалыпты. Бүйірден сұқтанған бөгде көзден қорынып дөңгелене тыпыршиды. Нағашысының айтуынша Ақсүмбе көкпарға да, бәйгеге де бірдей жарайтын кәдімгі қабырғалы қазанаттың тұқымы көрінеді.

Көкпар күні нағашысы Ақсүмбені мұның алдына тартқан. Үпілмәлік аттан тақымы шығып қалғанын айтып Әмзенің мотоциклімен-ақ көріп қайтамын деп еді — көнбеді. Ау, көкесі, өзіңіз шауып тамашалап көңіл сергітіңіз деген — болмады. Көршінің сиырға салып жүрген торы шобырымен-ақ тепектермін дейді өзі. Амалсыз Ақсүмбеге Үпілмәлік мінген.

Тақымының астынан суырыла сырғи жөнелгенде жүрегі ойнап, құлағы шулады. Соңында жортақтаған нағашыда дамыл жоқ: “тізгінге қарыса берме!.. Қамшыны шошаңдатпа!.. Ырқына жібер!.. Ақсүмбе айдау жолмен жүргенді қаламайды!.. Иесінің ойын тақымнан сезеді!..” Осынау кеңесті тыңдап келе жатып тегі қысылды. Әуелгіде көйлегі делендеп, тақымы дымданып далақтаған кеп. Тізгінді сәл босатса-ақ алып қашып кететіндей, тақымын сәл қысса-ақ құлақты жымып ытырыла жөнелетіндей көрінді. Көкпар болатын жазыққа жеткенше біраз лоққы көрді. Ойпырмай деп ойлаған, алдынан қаулап шыққан қарақұрым аттыны көріп. Жай жүріске ішім жүйткіп көкпар тартармын, ат бауырында ойнап додаға түсермін? Жұртқа сайқымазақ болмасам жарағаны. Әлде бас аманда атын өзіне қайырып құтылғаным жөн шығар.

— Нағашеке, Ақсүмбенің алғашқы терін озіңіз алыңыз, пейіліңізге ризамын, — дейді бұл.

— Бұл даланың шаңын ат тұяғымен талай қаққам, шы-рағым, бойындағы арам терді шығарып өзің шап, — дейді нағашы.

— Көкпар бізден не жесін, — дейді бұл.

— Ақсүмбенің үстінде көкпарды мығым ұстап отырсаң болғаны, қашыртқыға салып құтылатын өзі, — дейді нағашы.

— Сен сал, мен сал деп тұратын не бар. Серке көкпар басталды да кетті. Қошқар баққанның қиқуы құлақты кесіп барады, аты да сауырынан теңкерілген жуан жылқының тегінен екен, дода біткенді дөкедей ыдыратсын, тұяғымен кесек атып зырласын. Ақсүмбе көкпарды екінші айналымда қуып жетті. Қызынып алған Қошқар баққан мұны қонақ қой деп, ұят қой деп көкпарын беретін емес, құлақ жара қиқулап тартысқа шақырып барады. Сауыр сипасып, қолдау қағып келіп көкпардың бір борбайын ұстағаны сол еді:

Ақсүмбе жалт бұрылды, ат үстінен сыпырылып түсіп қалды. Шаң сейілгенде барып селтиіп орнынан тұрған. Тартыстан ойқастап шыға келген Ақсүмбені көріп, жүрегі ұша тобалап, нағашы жеткен. Жусан арасынан шаң-шаң боп түрегелген Үпілмәліктің о жер, бұл жерін ұстап көріп аман-сауына көз жеткізді. Көкпаршылар да үрпийсіп осылай ойысқан.

— Болмас, болмас, — деп нағашысы шобырды Үпілмәлікке түсіп беріп, Ақсүмбеге өзі мінді. — Естіген құлақ, көрген көзден ұят енді. Қартайғанда жорға ашып балалармен көкпар тартысып, тақым созысып жүр деген сөзден қашып едім. Ақсүмбенің жынын басып, терін алмай ауылға қайту ауыр күнә!

— Нағашысы атты сауырынан төңкеріп ұзай бастаған үлкен топқа араласқан. Жусанды жазықта ұйлығысып жүрген көкпаршылар енді Раң өзенінің алқымына қарай ойысыпты. Арғы жағы салдыраған малта тас, ат аяғын алып кетеді. Неғылса да ылдиға сорғытпай тұрып алдын орауы қажет. Әрине әзірге көкпаршылардың тақымы созылып, жыны тарқаған жоқ, күн күйдіріп кенезесі кепкен жусанды жонда ойдым-ойдым болып лықсып жүргені содан. Серкенің терісі шыдас берсе алып қашу күн бата басталмақшы.

Нағашысы ат басын екі мәрте жібергенде алда созылып бара жатқан кайыс тақым көкпаршыны қуып жеткен. Тартысқа сол жамбаспен жанасатын әдеті,

әйтпесе оң аяқтың протезі илікпейді, тартыс қинайды. Ақсүмбе сырмінез иесінің ойын тақымнан түсініп әдеттенген. Көкпар алып бара жатқан жігіттің оң бүйірінен кеп жанасты. Анау да айлекер әккі екен, серкені бұлт еткізіп ары аунатып жіберді. Ағып бара жатқан ат жалынан асылып тұтымға түсіру қалған.

Жұрт соңынан тепіректеген Үпілмәліктің көңілін әлдебір қауіп ұялады. Осынау қарақұрым аттылар арасында көзге көрінбей, жанға сезілмей суық жүзді ажал жүргендей сезілді. Әйтпесе әшейінде қой аузынан шөп алмайтын момын қауым көзі қанталап, бұлшық еті ойнап сәл қиқуға желігер ме?.. Бірін-бірі таптап кетердей, түтіп жердей жұлқысар ма? Кәріні кәрі, жасты жас дейтін емес. Нақа пәлен жыл іздеген кектесін жаңа жолықтырғандай өңмендей ұмтылып, өзеуреп өктеп жатқан бір кісі. Бейне жайбарақат жайылған отар ішіне сумақай пері кіріп кеткен бе дерсің. Жас кезінде атқа шауып көрсе де қалада өткен жиырма жыл ішінде атты өгейсініп тақымы шығып қалғаны рас. Әшейінде дүр еткен ат дүбірінен ду ете түсетін қан қызуы қазір жоқ, суып қалған секілді. Енді байқап келеді, былайғы кезде тым кішік тіршілік кешкен, мал баққан, кетпендеп егін салған, бала өсіріп, ұрпақ жеткізген қазакемнің бір мінезі осы көкпарда жатпасын деп ойлады Үпілмәлік. Көкпар мен қазақ егіз жаратылмасын осы.

Дегенше болған жоқ Ақсүмбе ұйысқан шаңнан суырылып сытыла берді, нағашысы көкпарды бұлтылдатып алып шықты. Аяқ-қолы серейген науша кісі ат үстінде аш күзенше бүгіледі. Қиқушы топ соңынан сатырлатып кеп салған. Ақсүмбе аяқты жылқы екенін және айғақтады, дем-дем сайын қуғыншы топ пен арадағы қашықтық ұлғая түсті. Ақырында жалғыз қара жалы бұрқырап қияндап шығып кетті.

- Шын шабандоз деп Сазанбайды айт!
- Бос тақым жиеннің қарымтасын қайтарды!
- Әй, өзі шауып не көрінген бұл шалға?

Дескен қаңқу сөз құлағына жеткен. Үпілмәлік кейде зау биік зеңгір көкте артына ақшыл жолақ тастап ұшқан реактивті самолетті көруші еді: тап қазіргі жалпақ далада жосыған Ақсүмбе сол суретті елестетті. Соңындағы ақ жолақ шанды сұйылтпай бері ойысқан. Түре шауып шаңын жұтып бара жатқандар да, өкпе тұстан кесе-көлденең салғандар да бар. Әрине бұлттан шыққан күн ащы демекші, бүйірден салған қуғыншы жаман. Ат қақтығысып адам мертігуі мүмкін. Соны сезген Үпілмәлік астындағы шобырға аямай қамшы бассын, нағашының алдынан шапсын. Бітене шобыр қамшыкесті боп қалған екен, ойға қарай сынаптай сырғымай, тепірек атып лоқылдай жөнелді. Азанғы ішкен қымызы шайқалып аузына тепті. Иә, сәт!.. Иә, сәт!.. Анық байқады, бүйірден лақтырған найзадай шаншыла шауып бара жатқан түндегі қыл қобызды азынатқан жігіт, усиқы көкпаршы — Қошқар баққан. Манағы ел көшірген қиқуы ащы еді; көкпар алдында көкнәр ішіп алғаны онда. Етін

қыздырып, қанын ойнатып қоймай бара жатқан соның кәйпі. Сусылдап келе жатқан Ақсұмбені алқымнан, не сауырдан соқса екі ат та шәнбірек атары анық. Жандайшаптың түрпеті жаман. Көре тұра қарап қалу күпірлік. “Қарсы шаппа!.. Қарау жасама!..” — деп бар даусымен айқай салып тырапайлай шапқан. Қошқар баққанның құлағына жетті ме, жетпеді ме — беймәлім, әйтеуір көз алдында әлемтапырық шаң көтерілді де кетті. Қопандап келе жатып өз-өзінен тұзым жеңіл, сорым қалың бейбақпын деп күңіренген. Сән-салтанат, көкпар-думан немді алған-ау! Қаладағы тасболат үйде құлақты тығындап, түбір сөзді зерттеп, сырт дүниеге селт етпей жата берсем қағынды алар ма еді?

Әуелі шаң арасынан Ақсұмбе сытылып шыққан, үстінде нағашысы, көкпарды тақымынан түсірмепті. Күлбеттеніп түтігіп кеткен, ойқастап қызған аттың тізгінін сыңарлай тартады. Қошқар баққанның шабдар аласы ері ауып бос шықты. Үпілмәлік атынан домалай түсіп жігітті сүзген, әудем жерде жүресінен отыр. Күлден алған көмештей үсті-басын топырақ басып, шекесін қос қолдай ұстап, бебеулей теңселеді. Мертіккен жері жоқ секілді, мұның иығынан ұстап, еңтігіп әзер түрегелді.

Ат үстінде басын бір иығына қондырып нағашысы жеткен.

Пәдәріңе нәлет-ау, қарсы жұртқа тақымындағы көкпарды суырып алып тымақша лақтырып жіберді. Шабысты кідіртпеуге қосты. Мертіге жаздаса да мәрттігінен танбады.

Қызынып алған көкпаршылар, қауқылдасып мәз болып дүрліге жөнелген. Демнің арасында шаң басылып, дүбір алыстап кетті. Нағашысы ат басын ауылға бұрған, бұл екеуі сүметіліп соңына түскен. Орта жолға жеткенде барып шабандозға тіл бітті.

— Әлгіде жұртты шошытпайын дедім. Соғысқан кезде сол аяғым сынып кетті, — деді.

Шындығында сақтияң етігінің өкшесінен қан тамшылап келеді екен. Үпілмәліктің төбе құйқасы шымырлап кетті. Осынау жанның болаттай берік төзіміне тәнті болды, әрі іштей қатты аяды. Нағашысы үйге жете әлсіреген. Қолтықтап түсіріп төсегіне жатқызды. Әмзе шапқылап жүріп дәрігер шақырды, оташы тауып әкелді. Үзеңгі соққан кезде сол аяғы жіліншіктен шытынапты. Бетінен түгі шығып тырс етіп үндеуді қойды. Дәрігердің уколы жанға батқан ауруды сәлге бәсеңсіткен секілді. Оташы шал епті екен, шытынап кеткен сүйекті сыртынан сипап бір-бірлеп салғандай болды. Нағашысының аузына су тамызып, жастығын биіктетіп отырған Үпілмәлік бейне аруағынан айрылған ақындай, жынын алдырған бақсыдай алакүлік хал кешті. Ең әуелі жақсы көріп пір тұтатын адамының көз алдында жаны қиналып жатқаны батты: сосын іштей кемірген ой бар. Осы бейнетке бастаған өзім деп мүжілген. Мен болмасам, мен келмесем бәрі бұрынғыша жайбарақат барақатты тіршілік кешкен болар еді: Қошқар баққан көкнәрге

тойып алып кыл қобызын қиқылдатар еді: Ақсүмбені баптап, күтіп, ақсандай басып аруақтанып нағашысы жүрер еді: әр үйдің қазанын аңдып, тәспісін тырсылдатып Досмағамбет келер еді: момын ауылдың түтіні тік шаншылар еді: бұл келді де бүлдірді. “Шер тарқату” күйін тыңдатты, көкпар тартқызды, тулақтай даланың шаңын қағып, жылқысын болдыртып: екі бірдей азаматты аттан жықты. Бұл аздай-ақ: әлгіде естіді — Қошқар баққан басымның ішіне торғай кіріп кетті деп білгір тәуіпке көрінбекке күнге асып жоғалыпты. Нағашының арыстай боп жатысы мынау. Өз-өзінен төменшік тартып күйгелектеніп отырған мұны нағашысы бір ауқымда ымдап жанына шақырған.

— Күзетем деп жүдеп қайтесің, шаруаңнан қалма, үй-ішіңе сәлем айт, менен рұқсат, алыстан аңқылдап іздеп келгеніңе разымын, соңғы қолқам: Ақсүмбені міне кет, ендігі бас ие өзіңсің, мен кеткен соң бұл елде ат қадірін түсінер адам жоқ.

Нағашының үзіп-үзіп еңтігіп айтқан әр сөзінің арасында батпандай зіл салмақ жатқанын сол жолы бағымдамапты; бой-бой болып барша жігер-қайраты үгітіліп бара жатса да, іштей шырығып сыр бергісі келмейді. Нағашының ақтық демі біткенше қасында қалуға, басында болуға тас-түйін бекінген. Дәрігерлер де қолдан келген көмегін аянып қалған жоқ. Аяғынан таусылып күніге келетін, укол салатын, жарақатын жуып таңатын. Әйтсе де нағашы халі күн санап төмендей берді. Бір дем ары, бір дем бері жатқан науқастың басында түнімен отырған кезде Үпілмәліктің көз алдына қатты дауылдан құлаған алып дарақ елестейтін. Сол дарақты қанша мәпелеп күткенімен, нешеме айла-әрекет жасағанымен қайта көтеріліп жапырақ жайып кете алмас еді. Нағашысы да соған ұқсайтын. Таң алдында мызғып кеткен екен, тізесінде жатқан шабандоздың күректей қолы дір етті де суып сала бергені. Өлараның ортасы болатын, жұма күні таң сәріде Сазанбай мәңгілікке көз жұмды. Осы мезет Үпілмәліктің еңсесі езіліп, өзін де қоса жер тартып бара жатқандай сезінген.

Нағашының басын қарайтып, жетісін өткізіп, жаны құлазып жолға шыққанын біледі. Ауыл-аймақ көрісіп қоштасты. Үй артындағы аша қазықта шұрқырай кісінеп Ақсүмбе қалды, жетімсіреп жарбиып қоржын там қалды. Аудан орталығына апаратын қасқа жолға дейін шығарып салған Әмзе қоштасарда көзінің жасын сығып алды.

— Іздеп келетін көкем көз жұмды, елге енді қайтып оралмасыңды білемін, — деді даусы дірілдеп.

— Әйтсе де артымда әрдайым ақ жол тілеп, ақ батасын аямай отыратын нағашы жұртым бар деп ойлағайсың. Туған жер, туысқан ортаны сағынсаң — қайтып орал, әрқашан жылы құшағымыз өзіңе ашық.

Үпілмәлік тамағына тас тығылғандай тұтығып ауыз тұшырлық жалғыз ауыз сөз айта алсыншы қанекей. Бар болғаны қасында жаутандаған Әмзенің

арқасынан қағып, үнсіз қолын қысып, бас шұлғи берді. Көңіл түбіндегі зіл батпан мұннан аршылып, айыға алмады.

Көрші ұжымнан жүйткітіп келе жатқан жайдақ жүк машинасына қол көтерген. Тұсына жете тоқтай қалды. Кабина ішінде уылжыған жап-жас келіншек бар екен. Кепкасы қиқайған шофер жігіт: “кузовқа отырсаң алып кетем”, — деп дауыстады. Үпілмәлік келісе кетті. Қол чемоданын қау ішіне атып ұрып, Әмзеге ал қош айтып, машинаға өрмелеп шықты да кузовтағы шаң-шаң тақтай құйрық басарға жайғасқан. Жүзін артқа беріп отырған. Машина ышқына қозғалып, жол жиегінде тұрған Әмзені шаңға көміп ұзай берген. Қаратаудың алыс бұлымдары сағыммен бұлдырап қош-қош дегендей болды, ет жүрегі езіле соқты.

Үпілмәлік ойлаған: нағашының ақтық демі таусылғанша қасынан табылғаным қандай жақсы болды деп. Ақыреттік сапарға аттандырып, басына топырақ салдым. Енді ғой астанада мені аңсап күтіп отырған қай орта; желпілдетіп әкетіп бара жатқан не желік?! Желпілдермін, жетермін; әдімұлыққа апаратындай қызмет деп, абырой деп, өзеурермін. Ізденіп жүріп докторлық та қорғармың. Сондағы мысқалдай болса да туған жер, өскен ортаның қадірін арпырғаным, ағалар ісін алға апарғаным, бір пендеге жақсылық жасағаным қане? Нағашы жұртқа енді қашан соғармын?.. Бұрын қалай ойламағам десеңші!..

Күнделікті күйкі тірлік соңында сүркіл салып селкілдеппін; қызмет деп, жағдай деп боздақтаппын; өсу жолында айла-шарғы ойластырып түн ұйқымды төрт бөліппін; қара бастың қамы үшін жігіт жігер, жарым жасты тәрк етіппін. Уақыты құрғырдың соншама жылдам сусып өтіп кетерін бұрын қалай білмегенмін? Енді ғой көп болғанда жиырма бес, отыз жасармын; жиырма бес рет ағаштың қайыра бүр жарғанын, жиырма бес мәрте қарлығаштың қайтып келгенін көрермін-ау; адам шайтан емес, көп болғанда жиырма шақты рет жаңа жылды тойлармын-ау. Сол сары майдай сақтаған жиырма бестің үштен бірі ұйқымен, бес-алты жылы тамақ ішу, сейіл құрумен өтсе қайтпексің? Арғы жағыңда табақ үстінде қалған сарқыттай там-тұм уақытты қай жыртыққа жаратарсың?.. Қай тірлікке бағыштарсың?.. Сол мардымсыз мезгілді болмашымен бұлдап жүргеніме жөн болсын?! Көшедегі ызы-қиқу тіршіліктен бір пәс ендік басып, сәл байыздап, осыным қалай деп ойлануға мұрша болмапты ғой тегі. Азғана күн нағашымен сөйлеспесем, ел адамдарымен сырласпасам, сыйласпасам ғой — сол пиғылмен, “жұмыс көп, жұмыс көп” деп дедектеумен жүрер ме едім, кім білген.

Жан-дүниемді дүр сілкінткен нағашыға разымын; әркімнің-ақ осындай жақыны болғай! Шалдыққанда ендік басар, ой қорытып, алды-артыңа қаратар қасиетті қазығың болғанға не жетсін.

Оймен отырғанда байқамапты, Қаратау қыраттары қашықтаған сайын сылаң тартып сұлуланып кетіпті. Мың ойланып, сан толғанып шешуін таба алмай жүрген қиын жұмбақтың жауабын жаңа тапқандай, бұрын тандайында

бал татыған тіршілік дәмі енді ащы да кермек сезіле бастағандай өзгеше өгей хал кешті. Заман өтер, ұрпақ ауысар, жақсы із қалып — қайтсе де қалыбынан танбайтын осынау жұртқа өзінің іштей болса да бір табан жақындай түскенін сезінді.